

*Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК*

04-05

**Педагогикалық кеңесінің
хаттамалары және олардың
құжаттары**

Тұрақты
16 тармақ (9)

2023-2024 оқу жылы

Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Ақарыс» бөбекжайы МКҚК

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 1

Өткен күні: 22.08.2023

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының » және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына»сәйкес 2023 оқу жылына арналған оқу тәрбие жұмысын жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту.
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы»баяндама.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай басшысы А.Кузенбаева сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Топ тәрбиешілерін бекітіп, педагогтардың міндеттерін қайта таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының » және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына»сәйкес 2023 оқу жылына арналған оқу тәрбие жұмысын

жоспарымен таныстырды. Жоспарда тәрбиелеу білім беру процесінің міндеттерін іске асыру, ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны, білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру, ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына 1 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру іс-әрекеттерді күн сайын өтіледі. Ересек топ (4 жастағы балалар) дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына 2 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру іс-әрекеттерді күн сайын өтіледі. Ортаңғы топта аптасына бір рет вариативтік компонент, ересек топта аптасына екі рет вариативтік компонент өтіледі. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері топтардың жас ерекшеліктеріне қарай түзіліп бекітілді. Сонымен қатар күн тәртібі, перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратын оның тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батыр жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары т.б өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осы аталғандардың бәрі ұлттық құндылықтарға жатады. Осы құндылықтарды бала бойына сіңдіріп, Отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндетін атқаруға шақырды.

3 парак

Бекітілген
Беттелген
Мерленген

Баобайжай
монгерушісі:

А.Т.Күрбанбаева



**Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 2

Өткен күні: 28.11.2023

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Топ балаларының І-ші тоқсан бойынша сырқат қорытындысы.
3. Кітаптар көрмесінің қортындысы.
4. Тәрбиешілерді озық іс-тәжірибелерді, жаңа шыққан бағдарламалармен таныстыру.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева сөз алып, өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына талдау жасады. 2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жұмыстың жүргізілуі бойынша бақылау көрсеткішін айтып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы талаптарына сәйкес күн тәртібінің орындалуы, іс-әрекет кестесінің ұйымдастырылуы жөнінде ұсыныстар айтты. Бөбекжайда тәрбиеленушілерге ұлттық құндылықтардың маңызы туралы үйретіп тәрбиелеу жалғастырылуда екенін, тәрбиешілер шығармашылық тақырып бойынша іс-тәжірибе жұмыстарын уақтылы көрсету керек екенін айтып өтті.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, І-ші тоқсанда топ балаларының сырқаттануы бойынша талдау жасады. Бөбекжайға келетін балалардың саны қанағаттанарлық, қатысу деңгейі жақсы екенін айтты. Балалардың денсаулығын нығайту мен

шынықтыру жұмыстары жалғасуда.Әр айдың соңында балардың қатысуы мен ауруға шалдығуының қортындысы шығарылады.Қатты науқастанумен бала тіркелген жоқ.Денсаулық көрсеткіштері қанағаттанарлық деңгейде екенін айтты.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешілері кітаптар көрмесінің қортындысын жасады.Ұйымдастырылған кітап көрмесі балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырды.Тәрбиеші балаларға ертегі кітаптардағы кейіпкерлерді таныстырды.Әртүрлі қызықты тақырыптағы кітаптар,журналдар баланың ой-өрісін жан-жақты дамытуға өте пайдалы екенін айтып өтті.Кеңесте педагогтарға балаларға арналған кітап сөресін толықтыру ұсынысы айтылды.

Тыңдалды:Бесінші мәселе бойынша балабақша педагогтары озық іс-тәжірибелер мен жаңа шыққан бағдарламалар бойынша пікір бөлісіп тәжірибе алмасты.Тәрбиеленушіні жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу үшін тәрбиеші үнемі жаңашылдыққа ұмтылып ізденімпаз болу керек. Балабақшаларға енгізілген жаңа бағдарламаға сәйкес баланы түрлі дамытушы ойын,орта құру арқылы дамыту деңгейі талқыланды.Осы тұста педагог озық тәжірибе жинақтап,тарату арқылы өсу даму көрсеткішіне жететіні туралы айтылды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Бірінші педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.
2. Тәрбиеленушілердің қатысу көрсеткіштері қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Балаларға арналған кітап сөресі толықтырылсын.
4. Педагогтармен жаңа бағдарламаға сәйкес озық тәжірибе жинақтап, тарату жұмыстары жүргізілсін.



Ж.К.Нуралиева
Г.У.Утегенова

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген



Бекіткен
Менің қолым
Ж.К. Нұрәліева

**Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 3

Өткен күні: 29.01.2024

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуының талдауы.
3. Аралық мониторинг қортындысы.
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті «Менің отбасым» ересек топ, «Ертегілер еліне саяхат» Ортаңғы топ

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша, бөбекжай басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева, №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Бөбекжайға келетін балалардың саны қанағаттанарлық,балаларға арналған кітап сөресін толықтырылуда және педагогтар тәжірибе жинақтау жұмыстарын жалғастыруда екенін айтып өтті.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуына талдау жасады. Бөбекжайда бір жарты жыл бойы тәрбиешілер балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылықтары жайлы көптеген жұмыстар атқарады. Балалардың физиологиялық дамуын толықканды қамтамасыз ету үшін мына факторды ескеру қажет :

- 1) Көңілді эмоциялық ахуал мен тиімді гигиеналық жағдайларды жасау
- 2) Нақты қалыптасқан күн тәртібімен қамтамасыз ету
- 3) Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру
- 4) Бала ағзасын жүйелі түрде шынықтыру
- 5) Физикалық жаттығуларды кеңінен күнделікті пайдалану
- 6) Түрлі ауруларды алдын алу шараларын ұйымдастыру

Сөз алғандар. Ортаңғы топ тәрбиешісі сөз алды. Ортаңғы топта күнделікті таңертеңгі жаттығулар ұйымдастырылады. Таңертеңгі жаттығулар жиыны әр айда екі рет ауыстырылады. Жаттығуларды орындау алдында балалардың денесінің икемділігін дайындау үшін, шеңбер бойлап түрлі қалыпта жүру, жүгіру жаттығулары орындалады. Содан соң жан-жақты дамытушы жаттығуларын жасатады.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева жалғастырды. Аралық мониторинг 2024 жылдың қаңтар айында 2 топта жүргізілді. Оның ішінде 1 ортаңғы топ, 1 ересек топ. Бала саны – 50. Осы топтардың жиынтық есебінің пайыздық қорытындысы қанағаттанарлық екенін айтты. Жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары ақпан -сәуір айларында жүзеге асырылып, циклограммаға енгізілу жоспарлау керек екенін ескертті. Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша кеңеске қатысушылар топ тәрбиешілері Г.Орынбаева мен С.Сарыбаеваның ересек «Аяулым» тобында «Менің отбасым» атты тақырыпта, ортаңғы «Балауса» тобының тәрбиешісі А.Кемелбекованың «Ертегілер еліне саяхат» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің қортындысына талдау жасады. Тәрбиешінің іс-әрекетті ұйымдастыруы, мақсатының орындалуы, балалардың қатысуы нәтижесі барлығы қанағаттанарлық деңгейде өткізілгені айтылды. Ойын түрінде білім беру бөлімдерінің қамтылуы, кіріктірілуі туралы айтылды. Іс-әрекетте қолданылған әдістерді тәжірибеге тарату ұсынылды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Бірінші педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.
2. Балалардың физиологиялық дамуын толыққанды қамтамасыз ету үшін ұсынылған ережелерді орындау жүзеге асырылсын.
3. Аралық мониторинг қортындысы жасалынды деп есептелінсін. Жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүргізілсін.
4. Топтарда ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қортындысы бойынша қанағаттанарлық деп бағалансын.



Ж.К.Нуралиева

Г.У.Утегенова

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мерленген

Рәббежай

Менің бұйырығым:

Мерленева



**Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 4

Өткен күні: 30.05.2024

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Бөбекжайдың жылдық есебі.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шаралары туралы.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша, бөбекжай басшысының міндетін уақытша атқарушы Г.Орынбаева өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты.Балалардың жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүргізілді. Балалардың физиологиялық дамуын толыққанды қамтамасыз ету үшін ұсынылған ережелерді орындалуда екенін айтып өтті.

Тыңдалды:Келесі мәселе бойынша бөбекжай басшысының міндетін уақытша атқарушы Г.Орынбаева алып,бөбекжайдың бір жылдық жұмысына талдау жасады.Жалпы педагогикалық ұжым 2023-2024 оқу жылының мақсат міндеттерін «қанағаттанарлық»деңгейде орындады деп бағалады.Стандартқа сәйкес оқу-тәрбие жұмыстары талапқа сай жүргізілді.Өз-өзін жетілдіру, кәсіби білімдерін арттыру бойынша М.Пирназарова «Өрлеу»біліктілікті арттыру курсынан өтіп сертификат алды. Тәрбиешілер Г.Орынбаева, А.Кемелбекова мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеуден қайта даярлау курсынан күәлік алды. Тәрбиеші М.Пирназарова педагог-модератор санатына өтініш тастап 37 бал жинап,сараптамалық комиссиясына портфолио құжаттары ұсынылды.

Тыңдалды:Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарының есебі тыңдалды. Оқу жылында атқарған іс-тәжірибелері,шығармашылық жұмыстары,жетістіктері бойынша әр тәрбиеші айтып өтті.Алдағы жаңа оқу жылында педагогтарға аудан,облыс аралық тәжірибе таратуға кеңес берілді.

Тыңдалды:Төртінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып , жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шаралар жоспарымен

таныстырды. Тәрбиешілер жаз мезгіліне арналған оқу –тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы бойынша талдау жасап ой бөлісті.Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес циклограмма бекітіліп толтырылуы тиіс екені айтылды.Түрлі іс-шаралар ұйымдастыру барысында қауіпсіздік ережелері қатаң сақталынуы ескертілді. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарға сай орындалуы бақылауда болатынын айтты.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

- 1.Бірінші педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.
2. Педагогикалық ұжымның біржылдық жұмысына талдау жасалып есеп берілді деп есептелінсін.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарының есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сай орындалып жүзеге асырылсын



Г.Т.Орынбаева

Г.У.Утегенова

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген



Басқармай

Методышисі:

М.А. Т. Орамаева

Орамаева